

**"АҚМОЛА ОБЛЫСЫ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЕРЕЙМЕНТАУ
АУДАНЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІ
ЕРЕЙМЕНТАУ ҚАЛАСЫНЫҢ БӨГЕНБАЙ
БАТЫР АТЫНДАҒЫ МЕКТЕП-ЛИЦЕЙІ"
КММ
ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ НӘТИЖЕЛЕРІ
БОЙЫНША АНЫҚТАМА**

2022-2023 оқу жылы

"Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі Ерейментау қаласының Бөгенбай батыр атындағы мектеп-лицейі"

КММ

өзін-өзі бағалау қорытындысы

"Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 59-бабының 4-1-тармақшасы, "Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығы, педагогикалық кеңестің шешімі №4 хаттама және "Сараптамалық комиссия құру туралы" мектеп бойынша бұйрық негізінде "Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауын өткізу" бойынша мектептің өзін-өзі бағалауы өткізілді,

Нәтижелері бойынша талдамалық анықтама жасалды.

Мектептің өзін-өзі бағалауын комиссия келесі құрамда өткізді:

1. Сарсенбаева Гүльбарам Баярстановна – мектеп директоры, екінші санатты басшы, сараптаукомиссиясының төрағасы,
2. Жасарова Алма Хамзановна – 3-санатты мектеп басшысының оқу ісі жөніндегі орынбасар комиссия мүшесі
3. Сырымбетова Асемгуль Амангельдиновна - 3-санатты мектеп басшысының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі
4. Байженова Алия Жакуевна – педагог-психолог, комиссия мүшесі.
5. Дуйсекова Кулпан Тлеулиевна кәсіподақ ұйымының төрайымы, комиссия мүшесі
6. Шакирова Жұлдыз Канатовна комиссия хатшысы

Өзін-өзі бағалау кезеңінде комиссия келесі критерийлер бойынша тексеру жүргізді:

1. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы
2. Кадрлық әлеуетті талдау
3. Білім алушылар контингенті
4. Оқу-әдістемелік жұмыс
5. Оқу-материалдық активтер
6. Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры
7. Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары
8. Қорытындылар мен ұсыныстар.

I. Білім беру мекемесі туралы жалпы сипаттама

1. Білім беру ұйымының толық атауы:

**"Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі
Ерейментау қаласының Бөгенбай батыр атындағы мектеп-лицейі**

"коммуналдық мемлекеттік мекемесі

2. Білім беру ұйымының орналасқан жері (занды мекенжайы және нақты орналасқан мекенжайы): Ақмола облысы, Ерейментау қаласы, Әуезов көшесі, 8үй.

3. Занды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, web-сайт):

Тел-факс: 8 (716)33 2-31-51

Электрондық мекен-жайы: bogenbay.mektep@mail.ru

Domain Name <http://sc0004.ereymentau.aqmoedu.kz/>

Мектептің веб.сайты: <http://sc0004.ereymentau.aqmoedu.kz/>;

Instagram: https://instagram.com/bogenbai_batyr_mektebi?igshid=ZDdkNTZiNTM=

4. Занды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т. А. Ә., лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі): Сарсенбаева Гульбарам Баярстановна. Директор лауазымына Ақмола облысы, Ерейментау ауданы, білім бөлімінің №101, 2012ғы 28 тамыз айының бұйрығымен тағайындалды. (копия 1);

4.Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары:

- Занды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы 2022 жылғы 27 маусымдағы №900840000115 анықтама.
- «Бөгенбай батыр атындағы мектеп-лицейі» КММ жарғысы Ақмола облысы әкімдігінің 2022 жылғы 15 маусымдағы №А-6/272 қаулысымен бекітілген

Жарғының көшірмесі қоса беріледі

6.Рұқсат беру құжаттары:

- 25.07.2022 жылғы № KZ48LAA00032511 лицензиясы

Лицензияның көшірмесі қоса беріледі

II кадрлық әлеуетті талдау

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына критерийлер

1) бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беретін ұйымдардың білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін сақтау.

Білім беру сапасы негізінен педагогикалық құрамның сапасымен анықталады. Тексеру барысында кадрлармен жұмыс жөніндегі барлық нормативтік құжаттардың бар екендігі, жеке құрамды есепке алу кітабы, жеке құрам бойынша бұйрықтар кітабы уақтылы жүргізілетіні, еңбек шарттары жасалатыны, педагогтардың жеке істері бар екендігі анықталды. Директор, директордың оқу-тәрбие жұмыс жөніндегі орынбасарлары, педагог-психолог, сынып жетекшілері мен пән мұғалімдерінің және аға тәлімгердің лауазымдық нұсқаулықтары бар. Кадрлармен қамтамасыз етуді талдау барысында педагог қызметкерлердің сандық және сапалық құрамының келесі нәтижелері алынды.

Педагог кадрлардың сапалық құрамы және бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беретін ұйымдардың білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары нормативтік - құқықтық базаға сәйкес келеді (7-қосымша, дипломдардың және оларға қосымшалардың көшірмелері, біліктілік санатының деңгейін жоғарылату / растау туралы куәліктер, педагогтер мен басшының біліктілігін арттыру туралы курстардың сертификаттары электрондық форматта қоса беріледі). Педагог кадрларды, әкімшілік - басқару персоналын іріктеу және орналастыру тиісті бейінді ескере отырып орындалды.

2022 жылғы қыркүйек пен 2023 жылғы қаңтарға арналған педагогтердің штаттық кестесі мен тарифтеу тізімі электрондық форматта қоса беріледі. Педагогтердің бос лауазымдары толық емес жұмыскерлер және өздерінің педагогикалық кадрлары есебінен жасақталған.

Мектеп директоры: Сарсенбаева Гульбарам Баярстановна, "Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі" ММ 2012 жыл 28 тамыз №101 бұйрығымен тағайындалған. Жұмыс өтілі 37 жыл, педагогикалық өтілі-37 жыл, әкімшілік өтілі – 20 жыл, Білімі жоғары, 1983 жылы Целиноград педагогикалық институтын "Физика" мамандығы бойынша бітірген, біліктілік санаты-педагог-зерттеуші, екінші санатты басшы. Мемлекеттік білім беру ұйымының басшыларын аттестаттау 2020 жылы өтті. 2022-2023 оқу жылының басында оқу- тәрбие қызметін 27 педагог жүзеге асырады (ерлер - 5, әйелдер - 22).

Диплом бойынша мамандықтың оқытылатын пәнге сәйкестігін талдау келесі нәтижелерді көрсетті: барлық 27 мұғалім тиісті профильдер бойынша сабақ береді.

Соттылықтың жоқтығы туралы барлық 27 мұғалімнің анықтамасы бар, кадрлар бөлімінің қызметкері жаңарту бойынша есеп жүргізеді. Анықтамалар жаңартылады, жұмысқа қабылдау кезінде әрбір жаңадан келген қызметкерден осы құжат талап етіледі. Жасалған шарт негізінде мектептің педагогикалық ұжымы жыл сайын қаланың емханасында уақтылы медициналық тексеруден өтеді. 2022-2023 оқу жылының басында барлық 27 педагог жұмысқа рұқсаты бар, барлық санитарлық кітапшалар бар.

2022-2023 оқу жылының басындағы педагогтердің сандық құрамы

Педагогтардың білімі бойынша сандық құрамы		
Білімі	Педагогтар саны	% жалпы санынан
Жоғары	25	92%
Арнаулы-орта	2	8%
Біліктілік санаты бойынша педагогтердің сандық құрамы		
Педагог-шебер	-	-
Педагог-зерттеуші	8	29,5%
Педагог-сарапшы	8	29,5%
Педагог-модератор	5	18,5%
Жоғары санат	-	-
Бірінші санат	1	4%
Екінші санат	-	-
Санаттары жоқ	5	18,5%

Жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі бар педагогтер туралы мәліметтер қоса беріледі тиісті бейін бойынша білім беру немесе педагогикалық қайтадаярлауды растайтын құжаттар қоса беріледі.

Қосымша жұмыс істейтін педагогтер және олардың оқу жүктемесі туралы мәліметтер:

№	Педагогтің ТАӘ	Білімі	Лауазымы, сағат саны	Негізгі жұмыс орны
1	Мухамеджанов а Эльмира Бакытовна	Жоғары Целиноград мемлекеттік педагогикалық институт, 1988 жыл орыс тілі мен әдебиет	Орыс тілі мұғалімі, 8 сағат	Ерейментау к. Н.Смағұлов атындағы мектеп-лицейі
2	Макашева Маржан Солтанбековна	Жоғары Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты, 2009 жыл, физика	физика мұғалімі, 12 сағат	Ерейментау к. Н.Смағұлов атындағы мектеп-лицейі
3	Ашимова Асемгуль Канатовна	Жоғары	Ағылшын тілі мұғалімі, 19 сағат	Ерейментау к., №3 ЖОББМ

Біліктілік санаттары бойынша сапалық құрамның деректерін талдау жоғары және бірінші санаттағы үлестің, педагог шеберлердің, зерттеушілер мен сарапшылардың үлесі бастапқы буында – 86%, орта және жоғары буында – 55% құрайтынын көрсетеді. Педагог-зерттеушілердің, педагог- сарапшылардың, мектеп бойынша бірінші санатты педагогтардың үлесі: 68%

Біліктілік санаты бойынша педагогтердің сандық құрамы (басшымен және басшының орынбасарымен қоса 58% құрайды)		
білімі	Педагогтардың саны	
	1-4 сыныптарда жұмыс істейтін педагогтардың саны (жалпы санының%)	5-11 сыныптарда жұмыс істейтін педагогтардың саны (жалпы санының%)
Оқыту сатылары бойынша мұғалімдердің жалпы саны	7	20
Педагог-шебер	-	-
Педагог-зерттеуші	2	6
Педагог-сарапшы	4	4
Педагог-модератор	-	5
Жоғары санат	-	-
Бірінші санат	-	1
Екінші санат	-	-
Санат жоқ	1	4

Білім басқармасы бағаланатын кезең үшін біліктілік санатын беру/растау туралы органдардың бұйрықтарын қоса береді

№	Педагогтың Т.А.Ә.	білімі	Лауазымы	Басшының және басшының орынбасарларының біліктілігі
1	Сарсенбаева Гульбарам Баярстановна	Жоғары Целиноград педагогикалық институты, 1983ж	директор	Екінші санатты басшы
2	Жасарова Алма Хамзановна	Жоғары. Л.Гумилев атындағы Еуразия университеті, 1999ж	Директордың оқу ісі бойынша орынбасары	Директордың үшінші санатты орынбасары
3	Сырымбетова Асемгуль Амангельдиновна	С.Сейфуллин атындағы Аграрлық университет, 2001ж	Директордың тәрбие ісі бойынша орынбасары	Директордың үшінші санатты орынбасары

Мемлекеттік білім беру ұйымы басшыларының үш жылда бір рет аттестаттаудан өткені туралы мәліметтер қоса беріледі

Еңбек өтілі бойынша сапалық құрамның мониторингі негізгі құрам - бұл еңбек өтілі бар мамандар екенін көрсетеді, бұл білім сапасына жағымды әсер етеді. Екінші жағынан, аға оқытушының оқушылармен, ата-аналармен жұмыс істеу тәжірибесі мол.

Жас мамандардың саны бойынша мәліметт

2022-2023 оқу жылы	%
4	14%

Педагогикалық кадрлардың еңбек өтілі бойынша мәліметтер

Өтілі бойынша	2022-2023 оқу жылы	%
5 жылға дейін	3	11%
5 жылдан -15 жылға дейін	3	11%
15 жылдан-25 жылға дейін	8	30%
25 жылдан жоғары	13	48%
Барлығы	27	100%

Ғылыми / академиялық(магистр) дәрежесі бар педагогтердің үлесі

2022-2023 оқу жылы	%
1	3,7%

Педагог кадрлармен жасақталғандығы туралы мәліметтер

Әдістемелік ұсынымдарға 7 қосымшаға сәйкес кесте қоса беріледі

Педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру

"Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімінің Ерейментау қаласының Бөгенбай батыр атындағы мектеп-лицейі" КММ педагогтердің біліктілігін арттыруды ұйымдастыру бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде. Осы мақсатта педагогтердің біліктілігін арттырудың перспективалық жоспары бар, ол жыл сайын педагогтердің келуі мен жұмыстан шығарылуын ескере отырып жаңартылып отырады. Педагог қызметкерлердің біліктілігін арттырудың мақсаты өз құзыреті шегінде өздерінің кәсіби міндеттерін орындау үшін олардың білімдерін жаңарту және жетілдіру, зияткерлік және мәдени деңгейін арттыру, білім беру саласындағы заңнамалық және нормативтік актілерді зерделеу, мемлекеттік тілді меңгеру дағдыларын жетілдіру, ақпараттық-коммуникативтік технологияларды игеру болып табылады

2022-2023 жылдары біліктілікті арттыру бойынша жұмыс келесі міндеттерді шешуге бағытталды:

- * курстық дайындық жоспарының орындалуын қамтамасыз ету, оның тиімділігін зерттеу;
- * біліктілікті арттыруды ұйымдастыру бойынша пән әдіскерлерімен іс-қимылдарды үйлестіру.

2022-2023 жылдар кезеңінде педагогтердің біліктілігін сандық және пайыздық арақатынаста арттыру:

Курстар	2022-2023 оқу жылы		
	Жоспар бойынша жалпы саны	Курстан өткендер саны	%
Пән бойынша курстар	14	9	64%
Басқа тақырыптарда	10	3	30%
Жалпы	24	12	50%

Іс жүзінде осы кезеңде 28 педагогтың 11-і біліктілік курстарынан өтті, бұл 39% құрайды.

№	Мұғалімнің Т.А.Ә.	Пәні	Курстың атауы	Сағат саны	Берілген күні, №
1	Идрисов Ж.Ж.	АӘЖТД	" Алғашқы әскери және технологиялық дайындық оқытушы - ұйымдастырушысының кәсіби құзыреттілігін дамыту "	80	06.05.2022 №0483907
2	Мусабекова А.К.	Бастауыш сынып	"Бастауыш сынып мұғалімдерінің "Математика", "Қазақ тілі" және "Әдебиеттік оқу" пәндері бойынша пәндік құзыреттіліктерін дамыту (1-4 сынып) "	80	12.08.2022 №0534974
3	Баймурынов Н.М.	Орыс тілі мен әдебиеті	" Развитие профессиональных компетенции учителя русского языка и литературы "	80	03.06.2022 №0506441
4	Омарова Л.К.,	математика	"5-9 сынып математика пәні мұғалімдерінің пәндік құзыреттіліктерін дамыту"	80	12.08.2022 №0535029
5	Тлеубаева Г.К.	математика	"5-9 сынып математика пәні мұғалімдерінің пәндік құзыреттіліктерін дамыту"	80	12.08.2022 № 0535032
6	Шалтыкова Б.Р.	математика	"5-9 сынып математика пәні мұғалімдерінің пәндік құзыреттіліктерін дамыту"	80	12.08.2022 № 0535037
7	Самарханова А.К.	Бастауыш сынып	"Бастауыш сынып мұғалімдерінің "Математика", "Қазақ тілі" және "Әдебиеттік оқу" пәндері бойынша пәндік құзыреттіліктерін дамыту (1-4 сынып) "	80	07.10.2022 №0536098
8	Оразалина Ж.Е.	Бастауыш сынып	"Бастауыш сынып мұғалімдерінің "Математика", "Қазақ тілі" және "Әдебиеттік оқу" пәндері бойынша пәндік құзыреттіліктерін дамыту (1-4 сынып) "	80	12.08.2022 №0534976
9	Шакирова Ж.К.	информатика	«5-9-сыныптарда информатика пәнінің күрделі тақырыптары бойынша пән мұғалімінің пәндік құзыреттілігін дамыту»	80	14.04.2023 №0537855
10	Мушкенова Ж.С.	Мектепалды даярлық сыныбы	"Баланы ерте дамыту бағдарлары"	170	14.11.2022 №39ef54135
11	Байженова А.Ж.	Психолог	"Жаһандық құзыреттіліктер"	80	18.11.2022 №0537162
12	Жасарова А.Х.	Қазақ тілі	"Оқыту тәжірибесін жетілдірудегі мектеп педагогтерінің аналитикалық құзыреттілігі"	80	28.10.2022 37c474c07

2020-2021 жылдары курстан өткен педагогтер

№	Мұғалімнің Т.А.Ә.	Пәні	Курстың атауы	Сағат саны	Берілген күні, №
	Жасарова Алма Хамзановна	Қазақ тілі мен әдебиет	"Өрлеу" " Қазақ тілі " және "Қазақ әдебиеті" пән мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту" .	80 сағ	17.09.2021ж №0405748
	Ербатырова Меруерт Туяковна	Бастауыш сынып	Өрлеу " Орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде қазақ тілінде оқытатын мектептердегі бастауыш сынып пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру "	80сағ	24.09.2019 № 039587
	Рай Майгүл	Тарих	Өрлеу " Қазақстан тарихы" және " құқық негіздері" пәндері бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру"	80сағ	16.09.2020 010538
	Зейнуллина Жанайым Телманқызы	биология	Өрлеу " Биология және "Жаратылыстану" пәндері бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру "	80 сағ	6.11.2020 №009228
	Иманов Төлеген Кабылбекович	Көркем еңбек	Көркем еңбек	80сағ	05.10.2020 БЖ009815
	Нурмуханов Берик Жаббарович	Қазақ тілі мен әдебиет	НЗМ " Қазақ тілінде оқытатын мектептердегі "Қазақ тілі " мен " Қазақ әдебиеті" пәндері мұғалімдерінің пәндік құзыреттерін дамыту "	80 сағ	02.07.2021 №13183999 3
	Серік Нұрила Мақсатқызы	Ағылшын тілі	Өрлеу. "Ағылшын тілі пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту" 80сағ.	80сағ	27.05.2022 №0499252
	Дуйсекова Кульпан Глеулиевна	география	Бағалауға арналған тапсырмаларды әзірлеу және сараптау	80сағ	13.08.2019 БЖ000309
	Иманова Гульжан Аскаровна	Денешынықтыру	"Дене тәрбиесі мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігі мен тәжірибесін жетілдіру "	80 сағ	01.10.2021 №00001336
	Шаймерденова Алия Кенесовна	Химия	Оқушылардың жаратылыстану- ғылыми және оқу сауаттылығын, креативті ойлауындамыту	56сағ	24.07.2020 1c54as8d

Инклюзивтік білім беру курсынан өткен мұғалімдер тізімі

№	ТАӨ	Білімі	Инклюзия
1	Байженова А.Ж.	Жоғары , павлодар педагогикалық институты	Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды оқыту мен тәрбиелеудің заманауи технологиялары 03.02.2023 ж №0537583

Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру үшін жоғары кәсіби құзыреттілігі бар педагогтер қажет. Бұл мәселені шешу-жұмысты ұйымдастыру,

Мұғалімнің біліктілігін арттыруға бағытталған мектепте мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттырудың белгілі бір жүйесі қалыптасты. Бұл жұмыс бірнеше бағытта жүзеге асырылады. Педагогикалық шеберлік конкурстарына қатысудың барлық педагогикалық нәтижелілігінің жоғары кәсібилігі. Жарты жылда бір рет, сондай-ақ жыл қорытындысы бойынша педагогикалық ұжым мүшелерінің қатысуының рейтингі мен нәтижелілігіне мониторинг жүргізіледі.

Мұғалімнің тиімді ұйымдастырылған кәсіби қызметі мектептің табысты дамуының негізгі негізі болып табылады. Шығармашылықпен жұмыс істейтін мұғалім ұжымда сәттілік жағдайын жасайды. Мектепте осы мәселеде мақсат қойылған: білім берудің жаңартылған мазмұнын енгізу жағдайында білім берудегі өзгерістерге икемді жауап бере алатын мұғалімнің мотивациялық, мазмұнды және технологиялық дайындығын қалыптастыру бағыттарын әзірлеу және жағдай жасау. Білім беруді дамыту жағдайында қазіргі заманғы мектепке мұғалімнің жаңа "түрі" қажет - шығармашылық тұрғыдан ойлайтын, білім берудің заманауи әдістері мен технологиялары, психологиялық-педагогикалық диагностика әдістері, нақты практикалық іс-әрекет жағдайында педагогикалық процесті өз бетінше құру әдістері, оның түпкілікті нәтижесін болжай білу. Мұғалімдердің өзін-өзі дамытуға деген ынтасы мектепте олардың инновациялық қызметіне-шығармашылық ортаға жағдай жасауға ықпал етеді. Осындай дағдыларға ие біздің педагогтер түрлі конкурстарда өздерінің кәсібилік деңгейін көрсетеді.

Білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен конкурстар мен жарыстардың аудандық және/немесе облыстық кезеңдерінің жеңімпаздарын және/немесе бағаланатын кезең үшін республикалық конкурстар мен жарыстардың қатысушылары мен жеңімпаздарындайындаған педагогтер (бар болса) туралы мәліметтер қоса беріледі

Шығармашыл педагогтың жұмысында оқушыларды пәндік олимпиадаларға, конкурстарға дайындау да ерекше орын алады. Бұл кестеде біздің балаларымыздың аудандық, облыстық және республикалық конкурстарға қатысу деңгейі қандай екендігі көрсетілген.

2022-2023 оқу жылы

Атаулары	Нәтижесі				
	Республикалық				
	I	II	III	Грамота	сертификат
5-6-сыныптар пән олимпиадасы (жаратылыстану)					1
Экоөмір			1		
Ақбота интеллектуалды марафон	3	5	5	1	5
	Облыстық				
Пән олимпиадасы			1		3
Президенттік олимпиада					1
Қ.Бітібаева олимпиадасы		1			
Әбіш оқулары	1				1
М.Ж.Көпейұлы оқулары			1		
«Ақберен» байқауы		1			
Абай оқулары			1		
Махамбет оқулары			1		1
М.Мақатев оқулары					1
Экоөмір	1		1		2
Менің шежірем					1

Аудандық					
Пән олимпиадасы (5-11)	10	8	4		8
Қ.Бітібаева олимпиадасы	1	1			
Әбіш оқулары	2				
М.Ж.Көпейұлы оқулары	1	1	1		
Абай оқулары	1				
Махамбет оқулары	1				
М.Мақатаев оқулары					
Жарқын болашақ	2	1			1
Оқуға құштар мектеп		1	1	1	1

Білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен білім алушылардың бағаланатын кезеңдегі зияткерлік олимпиадалар мен конкурстарға қатысу нәтижелері қоса беріледі

III. Білім алушылар контингенті Білім алушылар контингентінің сандық құрамы

1) деңгейлер бойынша, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар контингенті туралы мәліметтер

Оқу жылының басында білім алушылар контингенті 319 оқушы құрады, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар – 8. Оқу жылының соңында білім алушылар саны - 316. Ұлдар саны -153, қыздар саны -163.

Бастауыш мектеп		Негізгі мектеп		Орта мектеп		Мектеп бойынша барлығы	
Сыныптардың жалпы саны	Білім алушылардың саны	Сыныптардың жалпы саны	Білім алушылардың саны	Сыныптардың жалпы саны	Білім алушылардың саны	Сыныптардың жалпы саны	Білім алушылардың саны
6	109	8	165	2	42	16	316

2) сыныптардың толықтығы туралы мәліметтер

Мектеп 2 ауысымда жұмыс істейді: 1-11 сыныптар - бес күндік оқыту. Барлығы-16 сынып- жиынтықтар, оқыту тілі-қазақ тілі. Сыныптардағы орташа жинақ-20 оқушы. Сабақтың ұзақтығы- 45 минут. Сабақтың басталуы 1 ауысымда 8.30, 2 ауысымда 14:00.

Мектеп білім туралы заңнамаға сәйкес дайындық деңгейіне қарамастан алты жастан бастап балаларды бірінші сыныпқа қабылдауды қамтамасыз етеді. Мемлекеттік қызмет "Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығы негізінде өзгерістер мен толықтырулар енгізіле отырып көрсетіледі, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 3 маусымдағы бұйрығы Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 378 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Мемлекеттік қызмет "Электрондық үкімет" веб- порталы арқылы балаларды 1-сыныпқа қабылдау үшін электрондық түрде көрсетіледі, egov.kz. мемлекеттік қызмет көрсету үшін құжаттар тізбесі стендте, мектеп фойесінде орналастырылған. Электрондық түрде қабылдау 15 маусымға дейін жүргізіледі.

Басқа білім беру ұйымдарынан оқушыларды қабылдау кезінде мемлекеттік қызмет қағаз түрінде көрсетіледі. Барлық құжаттар папкаға тігіледі, Мемлекеттік қызмет көрсетуді есепке алу журналы жүргізіледі. Әкімшілік оқуға түсушіні, оның ата-аналарын (заңды өкілдерін) мекемеге қабылдау ережелерімен, сондай-ақ Жарғымен таныстырады, білім беру қызметтеріне және білім

беру мемлекеттік қызметін ұйымдастыруды, білім беру ұйымына қабылдау мен қабылдауды реттейтін басқа да шарттар жасалады, білім беру ұйымының мәртебесін, таңдалған оқыту бейініне сәйкес білім деңгейін ескеру қажет, ал сондай-ақ Қызмет көрсету аумағы (шағын аудан). Білім алушылар мен олардың ата-аналары мектептің қаладағы және шағын аудандағы позицияларын оның бәсекеге қабілеттілігі тұрғысынан жақсы бағалайды.

Білім алушылар контингентінің қозғалысы туралы мәліметтер

Осы кестеден көріп отырғанымыздай, оқушылардың сандық құрамы тұрақты болып қалады.

Жыл	Келген оқушылар саны	Кеткен оқушылар саны
2021-2022 жыл	9 оқушы	13 оқушы
2022-2023 оқу жылы	10 оқушы	9 оқушы

3) бағаланатын кезеңдегі білім алушылар контингентінің тізімі.

Әдістемелік ұсынымдарға 8 қосымшаға сәйкес кесте қоса беріледі

ІҮ . Оқу-әдістемелік жұмыс

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына критерийлер

1) білім беру ұйымының басшысы бекіткен жұмыс оқу жоспарының, сабақ кестелерінің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларының болуы және оларға сәйкестігі

Мектеп Даму режимінде жұмыс істейді. 2022 жылғы 28 тамызда мектептің педагогикалық кеңесінде бекітілген мектепті дамыту бағдарламасы бар. Мектепті дамыту бағдарламасының мақсаты сапалы білім алу және білім берудің бәсекеге қабілеттілігін арттыру жағдайында республиканың интеллектуалды, физикалық және рухани дамыған азаматын қалыптастыру үшін жағдайлар жасау болып табылады.

Оқу-тәрбие процесінің жұмыс оқу жоспары мынадай нормативтік-құқықтық база негізінде регламенттеледі:

* "Білім берудің барлық деңгейлеріндегі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім Министрінің (бұдан әрі – МЖМБС) 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен

* ҚР БҒМ "Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен (2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрықпен Енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)

* ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 "жалпы білім беретін ұйымдарға арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары және факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" бұйрығымен (ЖМ. және 2020 жылғы 27 қарашаға №496 толықтырулармен)

* "оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, құралдардың және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердегі тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2021 жылғы 21 маусымдағы № 291 бұйрығымен;

* ҚР БҒМ "тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 Бұйрығымен (09.06.2021 жылғы № 282 өзгертулермен және толықтырулармен);

* ҚР БҒМ "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім беруді жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы" 2017 жылғы 27 қарашадағы № 596 бұйрығымен (ДМ. 21.09.2018

№ 477);

* "қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" ҚР БҒМ 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" ҚР БҒМ 2020 жылғы 28 тамыздағы № 374 бұйрығымен;

* "орта білім беру ұйымдарында 2022-2023 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникулдық кезеңдерін айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 363 бұйрығымен;

* ҚР ДСМ 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген "Білім беру объектілеріне санитариялық-эпидемиологиялық" санитариялық қағидаларымен (ҚР ӘМ-де

6.08 жылғы №23890 болып тіркелген. 2021 жыл);

* "мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгілік штаттарын бекіту туралы" ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 қаулысымен (03.06.2020 жылғы № 346 өзгертулер мен толықтырулармен);

* "2022-2023 оқу жылындағы Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесі туралы" нұсқаулық-әдістемелік хатпен (2022 жылғы 21 шілдедегі №8 хаттама, Ы.Алтынсарин ат. ұлттық білім академиясының ғылыми - әдістемелік кеңесі.

Мектептің миссиясы: "Мұғалімнің кәсіби құзыретін жетілдіре отырып, білім сапасын арттыру, оқушылар бойында патриотизмді қалыптастыру-бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеудің негізі".

Міндеттері:

- Мектепті басқарудың заманға сай үлгісін қолдану арқылы білім мен тәрбие сапасын арттыра отырып, оқушыларға сапалы білім беру;
- Дарынды оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, арттыру жолдарын қарастыру, жаңа инновациялық технологиялардың әдістерін оқу үрдісіне енгізу арқылы сабақтың сапасы мен тиімділігін арттыру нәтижеге бағыттау; жалпы білім пәндер бойынша өткізілетін ғылыми жоба сайыстарына оқушыларды көптеп тарту.
- Педагогтердің беделін көтеру, марапаттау, педагогтардың сапалық құрамын арттыру, біліктіліктерін жетілдіруге жағдай жасау, жас мамандарға қолдау көрсету.
- Оқушылардың бойында «Мәңгілік ел», «Рухани жаңғыру» Жалпыұлттық патриоттық идеялары рухани-адамгершілік құндылықтарды және салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыру.
- Қауіпсіз және қолайлы білім беру ортасымен қамтамасыз ету.
- Цифрлық инфрақұрылыммен және ресурстармен жабдықтау.
- Мектеп пен ата-аналардың өзара байланысын күшейту.
- Білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толықтыру.

Мектептің ғылыми-әдістемелік жұмысын ұйымдастыру

Ғылыми-әдістемелік жұмыс-мектептің педагогикалық ұжымы мүшелерінің үздіксіз білім беру жүйесінің маңызды буыны.

Ғылыми-әдістемелік жұмыстың тақырыбы: «Рухани құндылықтары дамыған тұлғаны қалыптастыру арқылы функционалдық сауаттылықты дамыту»

Мақсаты: Мұғалімдердің іс-тәжірибесіне жаңа ақпараттық технологияларды енгізе отырып, кәсіби өсуіне мүмкіндік туғызу және білім сапасын арттыруда мұғалім мен оқушы арасында ынтымақтастық шығармашылық орта қалыптастыру, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту.

Міндеттері

- Сабаққа SMART мақсат қоя отырып, нәтижеге бағытталған білім беру;
- Мектеп ұстаздарының компьютерлік сауаттылығын арттыру;
- Критериалды бағалау арқылы сабақтардың сапасын көтеру;
- Жас мұғалімдердің кәсіби шеберлігін көтеру жұмыстары нақты жолға қойылады;
- Әдістемелік оқулықтарды талқылау
- Жаңа ақпараттық білім беру технологиясын іс-тәжірибесіне қолдану;
- Шығармашылықпен жұмыс істейтін ұстаздардың тәжірибесін жинақтау және тарату.

- Мұғалімдердің білімін жетілдіру мақсатында аудандық әдістемелік кабинеті, «Өрлеу» облыстық мамандар кәсібін дамыту институты, “Дарын” орталығымен байланыста жұмыс жүргізу;
- Авторлық жұмыс жазып жатқан мұғалімдермен жұмыс жасау жоспарын құру.

Ұжымның алдына қойылған міндеттер:

- әдістемелік кеңестің отырыстары;
- әдістемелік семинарларды ұйымдастыру және өткізу;
- педагогтердің өзіндік білім жетілдіру тақырыптары бойынша жұмысы;
- мұғалімдер қауымдастығының жұмысы;
- пәндік әдістемелік онкүндіктер;
- сабаққа қатысу және талдау;
- Мұғалімдерді аттестаттау;
- курстық қайта даярлау (ұйымдастыру және бақылау);
- Педагогикалық шеберлік конкурстарына қатысу;
- педагогикалық инновациялар конкурстары мен педокуларға қатысу.

Көрсетілген критерий бойынша өзін-өзі бағалау жөніндегі комиссия ағымдағы жылдың жұмыс оқу жоспарлары мен сабақ кестесін зерделеді. Оқу жылы бойынша барлық жұмыс жоспарлары педагогикалық кеңестің шешімімен қабылданады, мектеп директорымен бекітіледі және аудандық білім бөлімінің басшысымен келісіледі.

"Бөгенбай батыр атындағы мектеп-лицейі" КММ әзірленген жұмыс оқу жоспары білім берудің базалық және қосымша компоненттерін сапалы меңгеруді қамтамасыз етуге бағытталған, күрделіліктің жоғары деңгейінде оқытуға, мотивациясы жоғары және даярлығы жоғары балаларды оқытуға, 10-11 сыныптарда бейіндік және кәсіптік оқытуды іске асыруға бағытталған.

"Бөгенбай батыр атындағы мектеп-лицейі" КММ жұмыс оқу жоспарын әзірлеу кезінде:

- негізгі компоненттің сақталуы;
- мектеп компонентінің сағаттарын орынды пайдалану;
- лицейлік компонент сағаттары есебінен оқу бағдарламасын кеңейту (тереңдету) ;
- жалпы жүктемені сақтау;
- оқу жоспарын толық көлемде іске асыру.

Мектептің 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс оқу жоспары "Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 (2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрықпен енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен) қазақ тілінде оқытатын мектептер үшін ҚР БҒМ бұйрығына сәйкес жасалды:

1-4 сыныптар: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына **1-қосымша** (2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрықпен Енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)

5-9 сыныптар: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына **19-қосымша** (2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрықпен Енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)

10 сынып Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына **27-қосымша** (2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрықпен Енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен) жаратылыстану-математикалық бағыт.

11 сынып Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына **86-қосымша** (2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрықпен Енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен) жаратылыстану-математикалық бағыт.

Жұмыс оқу жоспарының көшірмесі қоса беріледі

Сабақ кестесінің көшірмесі қоса беріледі:

1 жартыжылдық, 2 жартыжылдық

2) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру

Оқу жылында МЖМБС іске асырылуын талдау оқу жоспарының барлық пәндері, оның ішінде практикалық бөлігі бойынша бағдарламалар толық көлемде орындалғанын көрсетті. Оқу бағдарламаларын, жазбаша және бақылау жұмыстарының нормаларын орындау мәселесі әкімшіліктің тұрақты бақылауында тұр, барлық тексерулердің қорытындылары анықтама түрінде ресімделеді.

Бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз ету мемлекеттік білім беру стандартын толық көлемде іске асыруға мүмкіндік береді. Мектептің әрбір педагогі бекітілген Күнтізбелік-тақырыптық жоспарлауға сәйкес жеке жұмыс бағдарламалары бойынша жұмыс істейді. Барлық оқу бағдарламалары Оқу-әдістемелік материалдармен қамтамасыз етіліп, есепті кезеңде толық іске асырылды. Оқу кестесі оқу жоспарына сәйкес келді және оның барлық білім беру компоненттерін қамтыды. Мектептің оқу-тәрбие процесі, ең алдымен, оқушылардың, ата-аналар мен мұғалімдердің белсенділігі мен өміріне қанағаттануына ықпал ететін мақсатында оқу-тәрбие процесінің субъектілері арасындағы ынтымақтастықтың жаңа нысандарын қолдана отырып, оқу-тәрбие жүйесін жетілдіруге бағытталған. Пәндер бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлау МЖМБС ұсынған Үлгілік қағидалармен айқындалатын сағат көлемімен ұсынылған, пәндік үлгілік оқу бағдарламаларының мазмұнын, нұсқаулық-әдістемелік хаттардың ұсынымдарын көрсетеді. Әрбір оқу жылы бойынша күнтізбелік жоспарлар мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес жасалды, педагогикалық кеңес қарады және бекітті. Оқушылар оқулықтармен және оқу құралдарымен қамтамасыз етілген. Мұғалімдердің күнтізбелік жоспарлары ӘБ жетекшісімен, директордың ОТЖ орынбасарымен келісілді, мектеп директорымен бекітілді.

2022-2023 оқу жылында:

1-4 сыныптарда білім беру үрдісі негізінде жүзеге асырылды:

Орыс тілінде оқытатын сыныптар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламалары (2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрықпен Енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен).

Бастауыш мектепте оқу процесі МЖМБС сәйкес жүзеге асырылды. МЖМБС талаптарын негізге ала отырып, бастауыш білім беру балалардың жан-жақты дамуы үшін жағдай жасауы, қоғамда өзінің лайықты орнын таба алатын, оқыту мен тәрбиелеу сапасын арттыру, алған білімдерін қолданбалы сипаттағы міндеттерді шешу үшін қолдану қабілетін дамыту үшін негіз қалауы тиіс. 2022-2023 оқу жылында "цифрлық сауаттылық" оқу пәні 4-сыныптарда "ақпараттық-коммуникациялық технологиялар" бағдарламасы бойынша өткізіледі. II жартыжылдықтан бастап 1- сыныптарда "Цифрлық сауаттылық" оқу пәнін оқу.

5-11 сыныптарда білім беру үрдісі негізінде жүзеге асырылды:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 орыс тілінде оқытатын сыныптар үшін бұйрығымен бекітілген негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламалары (2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрықпен Енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен).

2022-2023 оқу жылында үлгілік оқу жоспарының вариативтік компонентіне 5-11 сыныптарда "Жаһандық құзыреттілік" курсы енгізілді. Курс жаһандық азаматтық құзыреттілігі бар бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыруға, жергілікті және жаһандық проблемалардың өзара байланысы мен өзара тәуелділігін, мәдениетаралық өзара іс-қимыл мәселелерін түсінуге, әртүрлі көзқарастар мен дүниетанымдарды сыни талдауға және бағалауға, түпнұсқа білім мен идеяларды құру дағдыларына бағытталған.

Курстың мазмұны қажетті өзекті ақпаратты зерттеу және іздеу дағдыларын, сыни тұрғыдан түсіну мен рефлексияны, коммуникативті құзыреттілікті дамытуды қамтиды. Курстың белгіленген мақсаттары мен міндеттері орта білім беру мазмұнымен сабақтастық пен өзара байланысты қамтамасыз етеді, оқу процесінің ажырамас бөлігі ретінде білім беру мазмұнын кеңейтеді.

"Жаһандық құзыреттер" курсының үлгілік оқу бағдарламасының оқу жүктемесінің көлемі:

- 5-8 сыныптарда - 0,5 сағат (екі аптада бір рет), оқу жылында 18 сағат;
- * 9-сынып-аптасына 1 сағат, оқу жылында 36 сағат;
- 10-11 сыныптарда – аптасына 1 сағат, оқу жылында 36

сағат. Жүктемесі 0, 5 сағат болатын Курс екі аптада 1 рет өткізіледі.

Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарына арналған "Жаһандық құзыреттілік" курсы. Курстың мақсаты: Жаһандық азаматтық құзыреттілігі бар бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру.

5-8 сыныптарда курс бес бірліктен тұрады: "Парасаттылық және этика", "Азаматтық және патриотизм", "Медиа сауаттылық және қаржылық сауаттылық", "Тіршілік қауіпсіздігі", "Экологиялық мәдениет", 9-сыныпта қосымша "Зайырлылық және дінтану" бірлігі енгізілген.

3) білім алушылардың субъективті жаңа білімді меңгеруі мен таным мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру

Мектептегі тәрбие жұмысы білім беру мазмұны, сыныптан тыс және мектептен тыс педагогикалық жұмыстар арқылы жүзеге асырылады. Осыған байланысты біздің мектепте сыныпта да, мектепте де тәрбие қызметін сауатты жоспарлауды және ұйымдастыруды көздейтін тәрбие жүйесі бар. Мектептегі тәрбие жұмысы негізінен оқушылардың сабақтан тыс іс-әрекетін, қосымша білім беруді, оқушылардың өзін-өзі басқаруын дамытуды, отбасын педагогикалық процеске қосуды қамтиды.

Білім алушыларды тәрбиелеудің негізгі идеясы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар болып табылады.

Тәрбиенің мақсаты: жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеу. Өзін-өзі дамытуға, оқушылардың жеке басын өзін-өзі анықтауға, олардың қоғамда сәтті әлеуметтенуіне жағдай жасау.

2022-2023 оқу жылындағы тәрбиелік міндеттер:

- 1) азаматтыққа және патриотизмге, өз Отаны - Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін құрметтеуге, конституцияға қарсы және қоғамға қарсы кез келген көріністерге төзбеушілікке тәрбиелеу;
- 2) оқушыларда оқу іс-әрекетіне оң тұрақты мотивацияны, білім беру мен өзін-өзі тәрбиелеудің өмір мен қызмет үшін маңыздылығын түсінуді дамыту.
- 3) тұлғаның шығармашылық, рухани және физикалық мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты, сыни ойлау мен функционалдық сауаттылықты, проблемаларды өз бетінше шешу қабілетін дамыту үшін жағдай жасау жолымен интеллектті байыту; отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу; қазақ және Қазақстанның басқа этностары мен этникалық топтарының тарихын, салт-дәстүрлерін зерделеу; мемлекеттік, орыс, шет тілдерін меңгеру;
- 4) елдің қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін, жеке тұлғаның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;
- 5) жеке тұлғаның экономикалық ойлауын және кәсіби қалыптасуы мен өзін-өзі жүзеге асыруына саналы көзқарасын; табиғатты сақтаудағы белсенді азаматтық ұстанымын; экологиялық сауаттылық пен мәдениетті дамыту;
- 6) балаларды тәрбиелеу үшін ата-аналардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін және жауапкершілігін арттыру, жастарды дені сау отбасын құруға, отбасы институтын нығайтуға саналы түрде қатысуға дайындау;
- 7) әлеуметтік маңызы бар балалар, отбасы және ата-аналар бастамаларын, балалар қоғамдық бірлестіктерінің қызметін дамыту және қолдау;
- 8) балаларды тәрбиелеуде жалпы және қосымша білім беру жүйесінің рөлін арттыру, сондай-ақ дене шынықтыру және спорт, мәдениет саласындағы ұйымдар қызметінің тиімділігін арттыру;
- 9) балаларды тәрбиелеу саласындағы ғылыми зерттеулердің сапасын арттыру;
- 10) балалардың ақпараттық қауіпсіздік деңгейін арттыру.
- 11) кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтар мен қадағалаусыз қалудың алдын алу және жасөспірімдер арасында нашарлықтың алдын алу бойынша жұмыс істеуге, "тәуекел" тобындағы балаларды мектеп, сынып өміріне, үйірмелер, секциялар сабақтарына қатысуға барынша тартуға құқылы.

12) оқу процесінде ақпараттық - коммуникациялық технологияларды дамыту бағдарламасына сәйкес кеңінен қолдану.

2022-2023 оқу жылына арналған мектептің тәрбие қызметінің басым бағыттары:

1. Қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие беру.
2. Рухани-адамгершілік тәрбие.
3. Ұлттық тәрбие.
4. Отбасылық тәрбие.
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.
6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу.
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

Тәрбие жұмысын ұйымдастырудағы негізгі нормативтік құқықтық

құжаттар: Білім және ғылым министрінің бұйрығы

Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 16 қыркүйектегі № 472 қаулысымен бекітілген

1) БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы Конвенциясы;

2) Қазақстан Республикасының Конституциясы;

3) 2011 жылғы 26 желтоқсандағы "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі;

4) "Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы" 2002 жылғы 8 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңы;

5) "Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы" 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV Қазақстан Республикасының Заңы;

6) "Балаларды денсаулығына және дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғау туралы" 2018 жылғы 2 шілдедегі №169-VI Қазақстан Республикасының Заңы;

7) "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы;

8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Білім және ғылымды дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;

9) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген "Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру жағдайында Тәрбиелеудің тұжырымдамалық негіздері.

10) ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы № 525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020.06.12. № 248 бұйрығымен бекітілген 2020-2025 жылдарға арналған "Құндылықтарға негізделген білім беру" жобасы.

Тәрбие жұмысын бағалау критерийлерінің бірі барлық сыныптық және жалпы мектептік іс-шараларда оқушылардың жоғары белсенділігі болып табылады. Іс-шаралар жүйелі сипатқа ие, олар оқушыларға тәрбиелік әсерін тигізді.

Жоспарға сәйкес, мектеп үшін дәстүрлі және міндетті болып табылатын келесі іс-шаралар өткізіледі: Конституция күні. Білім күні. Денсаулық күні. ҚР халықтарының тілдер күні. Қарттар күні. Мұғалімдер күні. Қазақстан Республикасының Күні.

Дүниежүзілік СПИД-ке қарсы күрес күні. ҚР Тәуелсіздік күні. Жаңа Жыл. Халықаралық әйелдер күні, Наурыз, Қазақстан халықтарының бірлігі күні. Отан Қорғаушылар Күні. Жеңіс Күні. Халықаралық Отбасы күні. Балаларды қорғау күні. ҚР рәміздер күні., КонституцияКүні

Азаматтық, патриоттық, құқықтық және полимәдениеттік тәрбие беру барысында оқушыларға ҚР мемлекеттік рәміздерін бағалап, ҚР Конституцияны құрметтеуге баулу жұмыстары атқарылды. Ана тіліне деген құрмет пен сүйіспеншілікті нығайту, өз құқықтарын мен міндеттерін біле келе жауапкершілікті сезіну, өз Отанының патриоты болуға тәрбие беру міндеттелді. Оқушылар мен мұғалім, ата-аналар арасында мектепте құқықтық жалпы білім беру жұмысы жүргізілді.

Мектептің, ата –аналардың бірлескен қызметін жоспарлап, ата – аналар оқу сапасын, баланың қауіпсіздігін қадағалау мақсатында ата –аналарға жадынамалар жіберіліп, 1 - 4 сыныптар бастауыш сыныптардың мұғалімдері тарапынан «Мектеп, бала, отбасы», «Менің

жанұям», «Байлықтың атасы еңбек» атты тақырыптарында бірлескен шаралар өткізілді. Оқуға құштар мектеп жобасы бойынша бірлескен кітап оқу күндері, отбасылық оқу күндері ұйымдастырылды.

Оқу жынының ішінде 4 жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысы өткізілді. Бұл жиналыстарда: «Балалардың қауіпсіздігі. Жасөспірімдер арасында темекі шегу, ішімдік пен нашакорлықтың алдын алу», «Қауіпсіз қыс», «Жаз мезгіліндегі балалардың қауіпсіздігі», «Жасөспірімдер арасындағы бұзақылық» тақырыбында АПБ инспекторы Керейбаев М.Б баяндама оқып, тәрбиенің бастауы отбасында екені, яғни бала үшін ең алдымен ата анасы жауапты екені тағы да ескертілді. Жиналысқа 112 ата - ана қатысып, ата-аналар комитетінің төрайымы. Шошанов А.К «Бала тәрбиесі жауапты іс» тақырыбында сөз сөйледі, мектеп психологы Байженова А.Ж «Жанұя –шағын ұжым» атты баяндамаларын оқыды, ата-аналар өз ойларын ортаға салды.

Жасөспірімдер арасындағы қылмыстық істердің алдын алу мақсатында: «Мектептегі әлімжеттілік» тақырыбына 5-11 сынып оқушыларынан сауалнама алынып, әңгімелесу жұмыстары жүргізіліп қорытындысы бойынша мектепте жоғарғы сынып оқушылары арасында күш көрсететін, бопсалауға бейім оқушылардың жоқ екендігі анықталды.

«Зорлық- зомбылықсыз балалық шақ» атты онкүндік өткізілді. 5-8 сыныптарда «Өмірдің қауіпті өткелдері және оны жолдары» атты сынып сағаттары өткізілді. 9-11 сыныптарда «Зорлықсыз әлемді бірге құрайық!» сынып сағаттары өткізілді.

«Ата Заңым – ардақтым» атты құқықтық білім беру айлығы өткізілді, 5-8 сыптарда «Адалдық сағаттары» «Мен және менің құқығым», «Ата Заңым – ардақтым» «Ерлік-ел мұраты», атты тәрбие сағаттары өткізілді. 9-11 сыныптарында «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!», «Жасөспірім және қылмыс», «Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы» тақырыптарында лекциялар оқылып, талқыланды.

Мұғалімдердің, психологтың, мектеп инспекторының оқушылар арасында қауіпсіз қарым-қатынас орнату бойынша бірлескен жүйелі жұмысы жолға қойылған. Психологтар мен сынып жетекшісі тарапынан оқушыға бақылау дәптері ашылып, сынып жетекшісімен директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, психолог бірлесе отырып, отбасына зерттеу актісі толтырылды және жеке мінездеме жазылды. Кәмелеттік жасқа толмағандар ісі жөніндегі инспектормен бірлесе отырып әңгімелер жүргізіп, хаттамалары тіркелген. 5-11 - сыныптар ер балалары арасында Ерейментау АПБ-нің инспекторы Медет Байтенұлының қатысуымен «Өз құқығыңды білесің бе?», «Жасөспірім қылмыскер қайдан шығады?» деген тақырыптарда түсіндірме жұмыстары өтті. Мектепте оқушылардың жүгінімдері мен ұсынымдарына арналған жәшік орналасқан, жәшікте қазіргі уақытқа дейін ешқандай арыздар мен шағымдар келіп түскен жоқ.

ҚР Рәміздерін бағалауға «Мемлекеттік Рәміздер - біздің еліміз бен егемендігіміздің мызғымас негіздерінің бірі» тақырыбы аясында мектепшілік өзін өзі басқару ұйымының жиыны, «Рәміздерім-мақтанышым», «Егемен елдің Рәміздері-Заңмен қорғалады», «Көк байрағы желбіреп, тәуелсіздіктің таңы атты», «Мен Рәміздерді қастерлеймін», «Менің Рәміздерім- ұлт мақтанышы» акциялары ұйымдастырылса, «Отанымның көк Туы», «Елбасы тандаған Гимн», «Елтаңба туралы білейік» тақырыбы аясында 2-5 сыныптар арасында танымдық сағаттары «Менің Отаным- Қазақстан», «Отаным-бақыт ордасы», «Қазақ елі- менің Отаным», «Мен Отанымның ұланымын» сияқты тәрбие сағаттары 6-8 сыныптарда, «Ата Заңым - ардағым», «Конституция сенің кепілің», «Заң баптарын білейік» атты тәрбие сағаттары 9-10-11 сыныптарында өткізілді.

Жыл сайын АӘД пәнінің мұғалімі Идрисов Ж.Ж ұйымдастыруымен Кеңес әскерінің Ауған жерінен шығарылуына байланысты 9-11 сыныптар арасында әскери-спорттық жарыс өткізілді, жарысқа арнайы қонақ ретінде Ауған соғысының ардагерлері шақырылды. Балаларға адамгершілікке, Отанын сүйуге, оны қорғауға баулу. Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру. Оларға патриоттық тәрбие беру. Балаларды Ұлы Отан соғысымен, қазақстандықтардың ерлік істерімен таныстырып, ой - өрісін дамытуға сынып сағаттары өткізілді.

2023 жылдың мамыр айында облыстық «Жас құтқарушы-2023» слетінде 20 команда арасынан 7 орын және 2 номинация бойыша I орындар алды.

Рухани-адамгершілікке тәрбиелеу бойынша негізгі міндеті адамгершілік мінез-құлық

әдеттерін, қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру болып табылады. Ата-аналар адамгершілік тәрбиесінде мектеппен бірлесе көптеген жұмыстар атқарады, себебі адамгершілік қасиеттер бала бойына кішкентай кезінен, яғни отбасынан бастап сіңірілуі тиіс. Осыған орай мектепте «Ұлтқа ары, ұяты бар қыз керек» тақырыбымен . 5-11 – сынып қыздары арасында мектеп психологы, мектеп медбикесі және ардагер ұстаздары қатысуымен жиналыс ұйымдастырылып, 9-11-сынып қыздарымен мен аналарына, қонақтар өз кеңестерімен бөлісті.

Мектепте 1-қазан қарттар күніне «Қарттарым аман саумысың!?» тақырыбында зейнеттегі ұстаздарды құттықтап, үйлеріне беріп баталарын алып, өз сыйлықтарымызды тарту еттік. 11 сынып оқушыларының ұйымдастыруымен “Ұстаз болу – жүректің батырлығы» атты мерекелік концерт өткізілді.

Оқушыларды қайырымдылыққа, адамгершілікке, жақсы үлгі өнегеге, үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу қасиеттеріне, мейірімділікке, тәрбиелеу мақсатында 1-4 сыныптарда «Адамгершілік дегенді қалай түсінесің?», 5-8 сыныптарда «Рухани бай адам ол қандай болмақ?», 9-11 сыныптарында «Қарттарым – асыл қазынам» атты тәрбие сағаттары өткізілді. Мектептің өзін өзі басқару жүйесі әзірленді және бірқатар жылдар бойы қызмет етіп келеді. Мектеп әкімшілігі мектептің өзін өзі басқару жұмысына қолдау көрсетеді. Мектеп координаторы және «ЖАС ҰЛАН» ұйымы мектебімізде “Күз аруы” байқауын өткізді. Жалпы рухани-адамгершілік бағыты бойынша жылдық жоспарда белгіленген барлық шаралар жоғары деңгейде өз уақытында өткізіліп, талдау жасалынады, себебі рухани тәрбие адамгершіліктің бастауы, адамгершілік қасиеттердің қайнар көзі. Ерейментау ауданы бойынша Республикалық “Елбасы медалі” жобасына белсенді қатысып алтын, күміс, қола медальдарға ие болған ауданымыздың дарынды жастарын салтанатты түрде марапаттады.

Біздің мектептен Жұмағұл Назира мен Ерденова Амина күміс медальдарына ие болды.

Отбасы тәрбиесінің міндеті балалардың өз туыстарының кемшіліктеріне шыдамдылық көрсетуін қалыптастыру, өзін отбасының тең құқылы бір мүшесі ретінде сезінуіне, ересек адам ретінде отбасында пікір айта алуына дағдыландыру.

Ата – аналар оқу сапасын арттыру бойынша іс – шаралар өткізуге ат салысты, мысалы, бастауыштың 1 сынып оқушыларының қатысуымен «Тілашар» мерекелік бағдарламалар ұйымдастырылып бала мен ата-ананың байланысы нығайды. «Отбасы жарастығы», «Әдептен озбайық» тақырыбында мектеп кітапханасында ата-аналар және балалар арасында әңгіме сағаттары өтті.

«Өрқашанда біргеміз» тақырыбында оқушылар ата-аналарымен түскен суреттерінен буклет жасап, фотогалереясын өткізді. Нәтижесінде, ата-анаға деген сүйіспеншілік сезімдері, отбасы шежіресін біліп-үйренуге, бір-бірін сыйлауға құлшыныстары оянды.

Ата – аналар мектепшілік іс-шараларды өткізуге, ата-аналар жиналыстарына қатысып, балалардың оқудағы жетістіктері ата-аналар жиналыстарында талданды және талқыланды. Мектептің ата-аналар комитеті құрылып, ол іс-шаралар жоспарын құрастырғанда ұсынымдар береді, оқушылардың салауатты өмір салты туралы түсініктерін қалыптастыруға қатысады; әкімшілікпен, оқушылармен, жергілікті қоғамдастықпен байланыс реттелді; оқушылардың бос уақытын ұйымдастыруға қатысты, мерзім сайын ата-аналар мен ұжымды демеушілік көмек туралы есептіліктен хабардар етіп отырды.

Ұлттық тәрбие. Қазақстан Республикасының 22-қыркүйек Тіл мерекесіне орай «Ана тілім – ар намысым, қазынам» атты онкүндіктің іс-шара жоспары құрылып, мектеп директорымен бекітілді. Қазақ тілі, орыс тілі және шет тілі пән мұғалімдері ашық сабақтар беріп, сабақтан тыс іс-шараларын өткізді

1 наурыз Оқушылардың эстетикалық талғамы мен мәдениетін қалыптастыру мақсатында өзін – өзі тану пәні мұғалімдері «Рахмет айту» күні мерекесіне орай ашық сабақтарын өткізді, атап айтсақ, 3 «А» сыныбында Калиакпарова З.К. «Рахмет айтамын» атты ашық сағаттар өткізді. Мектеп координаторы және «ЖАС ҰЛАН» ұйымы ұйымдастырған Алғыс - адамның адамға жасаған жақсылығы, көмегі, көңілі үшін ризашылық білдіру туралы іс шаралар өтті. «Ата-салтын ардақтайық!» қазақтың ұлттық ойындары бойынша мектеп оқушылары арасында тоқсан сайын арқан тарту, тоғызқұмалақ, асық ату, бес асық ойындарынан жарыстар ұйымдастырылып тұрады

Көпмәдениетті және көрме-эстетикалық тәрбие бағыттары жана мазмұнда енгізілген бағыттар. Әлеуметтік –мәнді және жеке қасиеттерін қалыптастыру бағыты бойынша адам - ең жоғарғы құндылық екенін оқушыға түсіндіру болып келеді. Ең ұлы жеңіс өзінді-өзің жеңу, өзіне - өзі ие бола білген адам ғана барша жұрттан күшті. Әрбір адамның қоғамдағы алатын өзіндік мәртебесі, өз орны бар екеніне сендіру. Осыған орай бұл бағыттар бойынша жоспарға сай бірнеше жұмыстар қамтылды. «Бақытты балалық шақ» мәнерлеп оқу байқауы, «Мен өмірді сүйемін» шығарма байқауы, «Өзін-өзі тану мен дамыту қажеттілігі» психологиялық тренингтер, мұғалімдер мен оқушылар арасындағы сенім мен ынтымақтастық атмосферасын орнату мақсатында 5-8 сынып оқушылары арасында «Біз бәріміз біргеміз» сергіту ойыны ұйымдастырылды, 9-11 сынып оқушылар арасында «Өзіне өзі қол жұмсаудың алдын алу шаралары» сауалнама, «Менің құпия досым», «Ашығын айтар болсам.....» т.б. тренингтер арқылы оқушылардың психологиялық жағдайлары анықталып, жағымды көңіл-күй орнатылды.

Тұлғалық қасиеттерді анықтауға көмектесу, өзіне деген жауапкершілікті сезіне білуге баулу мақсатында мектеп кітапханашылары тарапынан ұйымдастырылған «Олар неге қорғансыз жандарға айналды» сұхбаты жоғары деңгейде өтті.

Мектебімізде қантар айында өткізілген «Көмек қолын соз» акциясында аз қамтылған отбасы балаларына мектеп ұстаздары тарапынан мектепке керекті құрал-жабдықтар, киім – кешектер берілді. Оқушыларда өз жауапкершілігін сезіну мақсатында 9-11 сыныптар арасында «Сен өзіңнің істегеніне жауаптысың» дөңгелек үстел, «Әдеп жолы әріден басталады» тәрбие сағаты өткізіліп, мектеп фойесінде «Сенім» жәшігі жұмыс істеп тұрды.

Нәтижесінде оқушы бойында өзіне-өзі сену, өзін көрсете білу, әдепті, кішіпейіл, адал т.б. жағымды қасиеттердің қалыптасуы нығая түсті.

Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие берудің міндеті табиғат тағдыры үшін тұлғаның жауапкершілік сезімін қалыптастыру, жанашырлық сезімін ояту, адам мен қоршаған ортаның біртұтастығын сана сезімдеріне дағдыландыру. Көгалдандыру айында мектебімізде ата – аналардың, оқушылардың, ұстаздардың көмегімен бірнеше жұмыстар атқарылды, мектептің алдына 10 қарағай ағаштары, питуния отырғызылды. Мектеп ұстаздары мен оқушылар мектеп ауласында, мектепке бөлінген аймақта сенбілік өткізіп ақтау, тазарту жұмыстары жасалып тұрды. Балалар және жасөспірімдер шығармашылық орталығы ұйымдастырыған сәндік қолданбалы өнер сайысында мектебіміздің оқушылары жүлделі орындарға ие болды.

Еңбек, экономика және экологиялық тәрбие бағытында міндеті нарықтық экономиканың негізгі заңдары жайлы білімдерін қалыптастыру, жасөспірімдердің өзіне-өзі қызмет көрсету шеберлігін және дағдыларын игере отырып мектепте ортаңғы буын оқушылары арасында «Шебердің қолы ортақ», бастауыш сыныптарда «Көктем гүлдері» тақырыбында қол өнер байқауын, «Менің тандаған мамандығым» сұрақ-жауап кешін, «Мамандығым мақтанышым» кездесу сағатын өткізе отырып кітапханадағы ескі кітаптарды түптеп, беттерін түгендеу жұмыстарын, өз сынып бөлмелеріндегі мүлікке жауапкершілікпен қарап, «Бала тәрбиесі басынан, еңбекке баулу жасынан» тақырыбында тәрбие сағаты ұйымдастырды. «Алғашқы экономикалық түсініктері» тақырыбы аясында 5-10 сынып оқушылары өздері орындаған жоба жұмыстары арқылы экономиканың тұстары туралы білімдерін көрсетті. Осы жұмыстар арқылы нәтижесінде алғашқы экономикалық түсініктері қалыптасып, еңбек ету құлшыныстары оянды.

Игі істер аясында қайырымдылық жәрмеңкесін өткіздік. Жәрмеңкеге 1-11 сынып оқушылары, мектеп ұстаздары, қатысты

Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетін дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңестік қалыптастыру мақсатында «Өзін-өзі басқару» күнін өткізіп, мектеп президентін етіп 10 сынып оқушысы Яссынбек Мұбарак сайланды. Оқушылардың өзін-өзі тану қабілетін зерттеу мақсатында мектеп психологтары үнемі жұмыстар жүргізді. 1-4 сыныптар арасында әрбір баланы жетілдіру үшін оның бойындағы бар құндылықтарды дамыту мақсатында «Өзімді тану-өзгені тану» атты тақырыпта тәрбие сағаты, «Жеке қабілет және әлеуметтік мүмкіндіктің ашылуы»

тақырыбында 5-8 сыныптарды сынып сағаттары өткізілді.

«Мамандықтың бәрі жақсы...» 9-сыныпта әңгіме сағаты, «Кәсіп түбі нәсіп» 11-сыныпта пікірлесу сағаты, «Менің ата-анамның мамандығы» тақырыбында бастауыш сыныптармен танымдық сағаты өтті.

«Кім болам?» тақырыбы аясында 9 – 11 сынып оқушыларына институт, колледж мамандарымен кездесу, кәсіби бағыт бағдар беру жұмыстары ұйымдастырылып, оқушылар түрлі сұрақтар қойып жауаптарын алды. Нәтижесінде оқушылар қазіргі заман талабындағы кәсіби мамандықтар туралы білімдерін кеңейтті, жаңа мамандықтар туралы танысты. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының ұйымдастыруымен 9 сынып оқушылары Ерейментау қаласы № 8 агротехникалық колледждің жұмысымен танысып, мамандықтары қазіргі заманға жоғары сұранысқа ие екенін көріп қайтты. Осы іс – шарадан кейін бірнеше таңдауын осы оқу орнына жасады.

Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес зияткерлік, мәдени-көпшілік және спорттық іс-шаралар жүйесі болды. Балалардың сыныптан тыс жұмысқа қатысуын ынталандыру жүйесі бар. Сыныптан тыс іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу мұғалімнің көмегімен жүзеге асырылады және оқушы тұлғасын дамытуға бағытталған.

Осы оқу жылының басынан бастап елімізде дебат ойындарына көптеп назар аударылды, осыған орай, оқушыларды дебаттың жаңа форматымен таныстырып, жаңа форматта дебат ойындарына дайындап, жетілдіре бастадық. Жыл бойы дайындығымен және өздерінің жоғары ізденімпаздығын көрсете білген үйірме оқушылары Аудандық дебат ойынында 1 орын иеленді. 2023жылы 16-18 ақпан аралығында Астана қаласында

"Ризашылық-мейірімділік бұлағы" атты жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасы аясында **ұлттық пікірсайыс іріктеудің Республикалық кезеңі өтті.** Ақмола облысының намысын аталған турнирде Ерейментау ауданы, «Жалын» пікірсайыс клубының командасы қорғады. «Жалын» пікірсайыс клубының мүшелері Мырзабек Жандос және Ясынбек Мубарак, **Республикалық турнирде 8 үздік командаға енді.**

Дене тәрбиесі және салауатты өмір салтын қалыптастыру тәрбиесінде алға қойылған міндеті оқушы бойында теріс әсерлерге қарсы тура алу қабілетін қалыптастыру, дене еңбегі, психикалық, әлеуметтік және рухани аулық туралы түсініктерін қалыптастыру болып табылады. Осы міндетті орындау барысы бойынша жоспарда көзделген төмендегідей іс-шаралар өткізілді: «Денсаулық фестивалі – 2022», «Дені сау ұрпақ-елдің болашағы», спорттық ойындар, «Туберкулез қасымызда-сақтан» жазба жұмыстары. Мектебіміздің спортшы оқушылары да әр түрлі спорт түрлерінен жарыстарға қатысып жүлделі орындар мен оралуда. Аудандық оқушылар арасындағы «Жастар» спартакиадасында үстел ойындары, атап айтқанда шашки және настольный теннис ойындары бойынша Сегізбаев А., Қайрат Ә., Айдархан М., Сатиева А, тоғызқұмалақ ойынынан Абсәлямова А., Ахметова А., Жумағали С., Аужан А., Утепова З., Елюбаева Н. жүлделі орындарға ие болды. Мектебіміздің оқушылары: Айдархан М., Қайрат Ә., Ержанұлы Е., Альмағамбетов Т., Бопиев Ә., Сагинтаев Д т.б оқушылар самбо, дзюдо және қазақша күрес спорт түрлерінен еліміздің түрлі қалаларына барып, жүлделі орындарға ие болып жүр. "Ұлттық мектеп лигасы" аясында тоғызқұмалақтан 5-6 және 7-8 сыныптар арасында аудандық жарыстарға қатысып, жарыс қорытындысы бойынша 5-6 сынып командасы 1 орын алды! облыстық кезеңге өтіп, 3 орын алды.

-кәсіби бағдар беру бойынша жұмыс.

2022-2023 оқу жылында біздің оқу орнымызда кәсіптік бағдар беру бойынша жұмыс бірнешебағыт бойынша жүргізілді:

1. Оқушылардың кәсіби мүдделерін анықтау, проф. таңдауды жүзеге асыруға көмек көрсету;
2. ҚР оқу орындарымен танысу;
3. Еңбек нарығымен танысу;
4. Психологиялық диагностика арқылы 9-11 сынып оқушыларының мүмкіндіктерін, қызығушылықтары мен қабілеттерін анықтау;
5. Әр түрлі мамандықтағы адамдармен танысу.

Білім алушылар мен олардың ата-аналарын ақпараттандыру жыл бойы ата-аналар жиналыстарында, сынып сағаттарында жүргізілді. Буклеттер мен ақпараттық парақшалар шығарылды. Мектепте кәсіптік бағдар беру кабинеті жұмыс істейді. Кәсіптік бағдар беру саласында кәсіптік бағдар беру кабинетінде "кәсіпті қалай таңдауға болады", "кәсіптік бағдар

беру", "кім болу керек?». Осы стендтерде балалар оқу орындары, кәсіптер, қалай дұрыс таңдау жасау керектігі туралы ақпарат ала алады. Мәліметтер мезгіл-мезгіл толықтырылып, жаңартылып отырады.

Кәсіптік бағдар беру бойынша жұмыстың әртүрлі нысандары пайдаланылды:

- Қаланың оқу орындарына экскурсиялар;
 - Ауданның оқу орындарының өкілдерін сынып сағаттарына шақыру;
 - 9-сынып оқушыларына кәсіптік бағдар беру сабақтарын өткізу;
 - 11 сынып оқушылары үшін "Қалай табысты болуға болады" атты дөңгелек үстел өткізу;
- Түрлі мамандықтағы адамдармен кездесу

9 сынып түлектерінің түсуі

Бітірген жылы	Түлектер саны	Колледж	10 сынып
2021-2022	33	15	18

11 сынып түлектерінің түсуі

Бітірген жылы	Түлектер саны	ЖОО	колледж
2021-2022	26	17	9

-Ата-аналармен (Заңды өкілдерімен) жұмысты ұйымдастыру.

Негізгі педагогикалық міндет-ата-аналардың назарын өз балаларының ішкі әлеміне, олардың қызығушылықтарына, проблемаларына, достары мен жолдастарының өміріне аудару. Мектепте бір жыл ішінде ата-аналарға жалпыға бірдей білім беру жоспарына сәйкес ата-аналарға педагогикалық білім берілді. Балаларды тәрбиелеу процесінде мектеп пен отбасының өзара мүдделі ынтымақтастығы бар ата-аналармен жұмыс істеуге көп көңіл бөлінді.

- қамқоршылық кеңестің жұмысы

2022-2023 оқу жылындағы қамқоршылық кеңес жұмысының басым бағыттары:

1.Білім беру процесінің тиімділігін арттыру және балалардың мектепте қауіпсіз болуын қамтамасыз ету үшін мектептің материалдық-техникалық базасын дамытуға қосымша қаржы тарту.

2.Мектеп бағдарламаларын, жоспарларын іске асыруға жәрдемдесу.

3.Мектепті дамыту бағдарламасын әзірлеуге және іске асыруға қатысу.Қамқоршылық кеңестің отырыстарында мәселелер қаралды:

- Тұлғаның табысты әлеуметтенуі үшін жағдай жасау
- Жазғы демалыс кезінде оқушылардың жазғы сауығуы мен еңбекпен қамтылуын ұйымдастыру . Оқушыларды жұмысқа орналастыру.
- Оқушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру
- Бірыңғай мектеп формасын бекіту
- Түлектерді қорытынды аттестаттауға дайындау.
- Мектепті жаңа оқу жылына дайындауға көмек көрсету туралы

Қамқоршылық кеңестің отырыстары тоқсанына бір рет өткізіледі, оларда қаржылық салымдардың перспективалары қаралады, бұл міндетті түрде хаттамада тіркеледі. Шұғыл сұрақтар туындаған кезде Кеңес жоспардан тыс жиналады.

Қамқоршылар кеңесі мен мектеп әкімшілігі жұмыс істеген уақытта ынтымақтастық қатынастарын қалыптастыра алды, бұл, әрине, бірлескен қызмет үшін қолайлы негіз болып табылады. Мектеп әкімшілігі әрдайым шақырылады және қамқоршылар кеңесінің отырыстарына қатысады.

Ата аналармен әңгімелесу кезінде келесі мақалаларға баса назар аударылады:

442-бап кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта ойын-сауық орындарында немесе заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз тұрғын үйден тыс жерде болуы

127-бап ата-аналардың немесе басқа заңды өкілдердің кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу және тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамауы.

440-бап алкогольдік ішімдіктерді ішу немесе қоғамдық орындарда мас күйінде пайда болу434-бап Ұсақ бұзақылық

435-бап ҚР ҚК 293-бабының бірінші бөлігінде көзделген кәмелетке толмағандар жасаған бұзақылық

Әрбір ата-ана заңдар мен баптарды білуі керек. Құқықтық сауаттылық-бұл қылмыстық кодекстің баптарын білу ғана емес, бұл қандай да бір әрекет жасалғаннан кейін қандай салдарлар болатынын түсіну.

- мектептің өзін-өзі басқару жұмысы, "Жас Ұлан"БББҰ

2022-2023 оқу жылында Жас Ұлан ББББ арқылы келесі міндеттер шешілді:

- Жас Ұлан БЖБ жұмыс процесіне белсенді емес балаларды тарту.
 - Оқу-тәрбие процесінде оқушылардың мүдделерін білдіру
 - Оқушылардың бос уақытын және демалысын ұйымдастыру.
 - Оқушылардың шығармашылық дамуы.
 - Оқушыларға өз қабілеттерін әр түрлі түрде жүзеге асыруға көмектесу қызметі.
- Мектепте Жас Ұланның нормативтік - құқықтық құжаттары құрылды және бекітілді :

- Мектептегі Жас Ұлан БЖББ туралы ереже.
- Мектеп министрлігін сайлау туралы ереже.
- Мектеп министрлігінің фракциялары таңдалды.
- Министрліктен әрбір фракцияның міндеттері қабылданды.

2022-2023 оқу жылында мектеп Парламенті келесі бағыттарға:

1. Құқық және тәртіп фракциясы.
2. Ақпарат фракциясы.
3. Спорт және салауатты өмір салты фракциясы.
4. Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы (психология).
5. Қамқорлық фракциясы (еріктілік).
6. Мәдениет және өнер фракциясы
7. Пікірсайыс қозғалысының фракциясы.
8. Экология және еңбек фракциясы.

Биылғы оқу жылында көптеген мектеп, аудандық және облыстық іс-шараларға белсендікатысты:

-жұмыс сараптамасы бойынша мынадай қорытынды жасауға болады:

1. 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспары орындалды.
2. Тапсырмалар орындалды, атап айтқанда:

- жыл бойы тәрбие процесін жүргізу үшін қолайлы жағдайлар жасалды;
- балалар бірлестігіне мектепшілік есепте тұрған жасөспірімдер тартылды;
- бос уақыт іс-шаралары ұйымдастырылды: конкурстар, еңбекқорлыққа, патриотизмге, отан мен отбасына деген сүйіспеншілікке, қоршаған әлемге деген жақсы қарым-қатынасқа тәрбиелеуге бағытталған іс-шаралар.

Тәрбие жұмысы білім алушылар қызметінің түрлі бағыттарын қамтыды, шығармашылық қабілеттерін, ұжымшылдық, жауапкершілік, патриотизм сезімін дамытуға мүмкіндік берді. Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік- эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс қызметтің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру

Мектепте оқушылардың қосымша білім беру жүйесін құру балалардың физикалық және психикалық денсаулығын сақтауға және нығайтуға, танымдық іс-әрекетке тұрақты қызығушылықты тәрбиелеуге, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

Мектепте қосымша білім беруді ұйымдастырудың өзіндік ерекшеліктері бар: бір жағынан ол балалардың қажеттілігін жүзеге асырады, ал екінші жағынан, ол жалпы білім беру процесінің мүдделерін ескеруі керек. Мектепте қосымша білім беру жүйесін ұйымдастырған кезде педагогикалық ұжым келесі принциптерге сүйенеді:

- баланың қызмет түрлері мен салаларын еркін таңдауы;
- баланың жеке мүдделеріне, қажеттіліктеріне, қабілеттеріне бағдарлану;
- баланың өзін-өзі еркін анықтау және өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндігі;
- оқыту, тәрбиелеу, дамыту бірлігі.

Сабақ режимі мектептегі қосымша білім берудің ерекшелігіне байланысты: сабақтар оқу циклі пәндері аяқталғаннан кейін түстен кейін өткізіледі. Сабақтарда оқытушылар заманауи білім беру технологияларын қолданады, олар: даралық, қол жетімділік, сабақтастық,

тиімділік принциптерінде көрінеді. Балалар бірлестіктерінің іс-шараларға, конкурстарға, жарыстарға, олимпиадаларға, көрмелерге, фестивальдерге қатысуы жұмыстың жақсы көрсеткіші болып табылады.

Қосымша білім беру бойынша оқу жоспары Мектептің мүмкіндіктерін, педагогикалық ұжымның кәсіби әлеуетін, білім алушылардың тілектерін ескере отырып әзірленді. Жұмыс келесі бағыттағы білім беру бағдарламалары бойынша жүргізіледі: көркемдік, дене шынықтыру-спорттық, экологиялық-биологиялық, өлкетану.

Электронды журналда кунделик үйірмелердің жұмысы бойынша уақытында толтырылады. Журнал жазбалары тақырыптық жоспарлаудағы жазбаларға қатаң сәйкес келеді. Қыркүйек айында үйірме басшылары оқу жылына толымдылықты ұйымдастыру және жұмысты жоспарлау бойынша жұмыс жүргізді. Үйірме сабақтарының мұғалімдерінің 2022-2023 оқу жылына бекітілген жұмыс жоспарлары бар. Сондай-ақ, 2022 жылдың 2 қыркүйегінен бастап дене шынықтыру мұғалімдері секцияның 2022-2023 оқу жылына арналған бекітілген мектеп жұмыс жоспарына сәйкес баскетбол, қыздар мен ұлдарға арналған волейбол, қыздар мен ұлдарға арналған футбол бойынша спорт секцияларын жүргізеді.

Үйірме сабақтары мен секциялардың негізгі бағыттары-балалардың білімдері мен көкжиектерін кеңейтуге және тереңдетуге, шығармашылық қабілеттерін дамытуға деген ұмтылысы. Өзіндік жұмыс дағдылары, эстетикалық талғам, шығармашылық қалыптасады.

Сабақтың басты ерекшелігі-жұмысқа, белгілі бір нәтижеге, жаңа нәрселерді үйренуге және жаңа білім алуға деген көзқарас, тек қарым-қатынас емес. Сабақтың басында барлық оқытушылар белгілі бір оқу мақсаттарын қояды, сабақтың соңында қорытынды жасалады.

Өткізілетін үйірме сабақтарының нәтижелері:

- мектепте және ауданда өткізілетін барлық іс-шараларда балалардың белсенділігі ;
- эстетикалық цикл үйірмелеріне қатысатын балалар аудандық деңгейдегі байқауларға белсенді қатысады, жақсы нәтижелерге қол жеткізеді.

Оқушылардың бос уақыттарын ұйымдастыра отырып, мектеп оқушыларының көпшілігі әртүрлі үйірмелерде, элективтерде оқитынын атап өтуге болады.

Үйірмелер мен спорт секцияларында мектеп оқушыларының барлығы 100% - ы жұмыспен қамтылды.

	сынып	2022-2023
Тоғызқұмалақ	7-9	36
Асық ату	4-8	18
Волейбол	6-9	16
Баскетбол	10	21
Шахмат	5-9	12
Үстел теннисі	3-7	15
Шаңғы	6-8	12

Мектепте рухани-адамгершілік бағыты бойынша «Жалын» клубы, азаматтық-патриоттық бағыт бойынша «Сұңқар» әскери-патриоттық үйірмесі, дене тәрбиесін қамтамасыз ету мақсатында волейбол, футбол, үстел теннисі, тоғызқұмалақ, баскетбол секциялары, зияткерлік бағыт бойынша «Жалын» дебат клубы сабақтан тыс нысандары ұйымдастырылған.

Мектеп оқушылары спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстар мен жарыстарға, фестивальдар мен байқауларға жыл сайын белсене қатысып, әрқашан биіктерден көрініп жүлделі орындарға ие болады. Атап айтқанда, Төлеубаева А. «Қыз өссе елдің көркі» мектепішілік шығармашылық конкурсында жүлделі I орынға ие болды. «Кеңес әскерлерінің Ауған жерінен шыққанын лерінің Ауған жерінен шыққанын 33 жыл толуына байланысты» аудандық көлемде ұйымдастырылған сурет салу байқауында мектеп оқушылары Кенешова С жүлделі 3-орынды иеленсе, Майлыбаева А 2-орынды иемденді. Балалар жылы аясында ұйымдастырылған аудандық дебат ойындарында 8-9-сынып оқушылары 2-орынды иеленді. Осы жылы дебат ойындарына көп көңіл бөлініп, «Балалар жылы» аясында аймақтық пікірталас турнирі екі рет өткізілді, аталған турнирда «» дебат

клубының мүшелері ІІ-орынға ие болды. Аталған сайыста Ашимова Ж «Үздік спикер» номинациясын жеңіп алды, Балалар жылына арналған аудандық Әкім кубогының дебат турнирінде І орын иеленді. Спорттық салаларда да оқушыларымыз көптеген жетістікке жетті. Оқушылар арасындағы аудандық «Жастар» спартакиадасында командалық есеппен 3-4 сынып оқушылары Тоғызқұмалақтан жүлделі ІІІ орынға, стол теннисінен ІІ орынды иеленді, Тоғызқұмалақтан ІІ орынды иеленді, ал 5-6 сынып оқушылары «Рахмет» кубогына мини-футболдан командалық есеппен ІІІ орынға ие болды, ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған 7-8 сынып оқушыларының арасында аудандық стол теннисінен командалық 3 орынға, ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған аудандық 9-10 сынып оқушыларының арасында асықтан командалық І орынға, Аманжолов А жасөспірімдер арасындағы шаңғы жарысынан 2 орын, ҚР Тәуелсіздігіне арналған Тоғызқұмалақ бойынша 3 орынға ие болды. Табиғатты қорғау акциясы бойынша «Саябақтар шеруі-2023» аудандық сурет сайысы «Өрт-орман жауы» Асылбекова Н 2 орын, «Бұйратау» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі «Саябақтар шеруі-2023» белсене қатысқаны үшін мектепке Алғыс хат табыстады.

4)білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейіндікоқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейлері)

Оқу пәндері бойынша бағдарламаларды кеңейту бойынша білім алушылардың табысты бейіндік және кәсіптік өзін-өзі анықтауын қамтамасыз ететін негізгі жалпы және орта жалпы білім беру сатыларындағы білім беру процесінің вариативтік жүйесінің ажырамас компоненттері вариативтік компонент болып табылады.

Білім алушыларды вариативті оқу курстарына қабылдау ата-аналар жиналысында талқылау арқылы жүзеге асырылады, оның нәтижелері бойынша оқу пәндерін оқуға арналған топтар құрылады.

І-4-сыныпта дамыта оқытудың негізгі мақсаттарын жүзеге асыру мен оқушылардың шығармашылық, ойлау қабілеттерін жетілдіру, шапшаң есептеу, математикаға қызығушылықтарын арттыру мақсатында «Қызықты математика», «Логика», «Математика әлемі» курстары жүргізіледі.

№	Пәні	Тақырыбы	Сынып	Сағат саны
	Белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар		1-4	6
1	Математика	Қызықты математика	1 А	1
2	Математика	Қызықты математика	1 Ә	1
3	Математика	Математика әлемі	2	1
4	Математика	Логика	3 А	1
5	Математика	Логика	3 Ә с	1
6	Математика	Қызықты математика	4	1

№	Пәні	Тақырыбы	Сынып	Сағат саны
	Жаһандық құзыреттілік		5-11	7
1	Жаһандық құзыреттілік		5	0,5
2	Жаһандық құзыреттілік		6 А	0,5
3	Жаһандық құзыреттілік		6 Ә	0,5
4	Жаһандық құзыреттілік		7	0,5
5	Жаһандық құзыреттілік		8 А	0,5
6	Жаһандық құзыреттілік		8 Ә	0,5
7	Жаһандық құзыреттілік		9 А	1
8	Жаһандық құзыреттілік		9 Ә	1
9	Жаһандық құзыреттілік		10	1
10	Жаһандық құзыреттілік		11	1

Тұтастай алғанда, оқу жұмыс жоспарының мазмұны оқушының жеке басының адамгершілік қасиеттерін, оның қоршаған әлемге эмоционалды-құндылық қатынасын қалыптастыруға, оның жеке қабілеттерін дамытуға, оқу және танымдық іс-әрекеттегі оң мотивацияны дамытуға берік дағдылар мен біліктер, тілдік қарым-қатынас тәжірибесі, шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыру, мінез-құлық мәдениетіне бағытталған.

1) білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктеріне сәйкес отырып, оқу процесін ұйымдастыру

Оқу жұмыс жоспарында ПМПК анықтамалары негізінде үйде оқытуды жоспарлау көзделген. Үйде оқитын білім алушы үшін оқу жоспары мен кестесі құрастырылған.

№	Оқылатын пәндері	Аптасына сағат саны	Оқу бағдарламасы
1	Коррекциялық сабақ	1	№ 469 бұйрығымен <u>ЕБК</u> білім алушыларға арналған <u>үлгілік оқу бағдарламалары</u> (негізгі орта білім)
2	Бейнелеу өнері	1	
3	Санау	2	
4	Оқу жазу және тіл дамыту	2	
5	Шаруашылық еңбек	1	
6	Адам және әлем	2	
7	Әлеуметтік тұрмыстық бағдарлау	1	
	Барлығы	10 сағат	

2) ҰОЖ - ға сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компонентті таңдау бойынша курстарды және факультативтерді іске асыру

Вариативтік компонент сабақтарының кестесі қоса беріледі

Мектептің педагогикалық ұжымы жұмысының маңызды бағыты білім беру сапасын арттыру, білім беру процесіне қатысушылардың барлығының үздік ресурстар мен технологияларға тең қолжетімділігін қамтамасыз ету, оқушылардың білім алу қажеттілігін қанағаттандыру болып табылады., функционалдық сауаттылықты қалыптастыру, "Мәңгілік ел" құндылықтарына бағдарлана отырып, Қазақстан Республикасының зияткерлік, физикалық және рухани дамыған азаматын қалыптастыру, білім беру процесіне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтау.

3) "Өмір қауіпсіздігі негіздері" міндетті оқу курсының оқыту

2-4 сыныптардағы "Өмір қауіпсіздігі негіздері" оқу курсының мазмұны "Дүниетану" оқу курсы аясында жүзеге асырылды: 2-3 сыныптарда жылдық оқу жүктемесі 6 сағаттан, 4 сыныпта - 10 сағаттан, бастауыш сынып мұғалімдері.

5-9 сыныптарда "Өмір қауіпсіздігі негіздері" оқу курсының дене шынықтыру пәні аясында дене тәрбиесі мұғалімдері жүзеге асырады, жылдық жүктеме 15 сағатты құрайды.

10-11-сыныптарда АӘЖТД сабағында жүзеге асырылады.

4) "Жол қозғалысы ережелері" міндетті оқу курсының іске асыру

2022-2023 оқу жылында «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы қазандағы № 604 бұйрығы негізінде "Жолда жүру ережелері" оқу курсының мазмұны 2 тарау §1 тармақ, §2 39 тармақтарын басшылыққа алынып 1-4 сыныптарда 6 сағаттан, 2 тарау §135 тармақ, §2 тармағын басшылыққа алынды. «Жолда жүру ережелері» 5-8 сыныптарда 10 сағаттан сынып сағаты өткізілді.

